



БЕКТЕМІН

Облыстық білім беруді
дамыту оқу-әдістемелік
орталығының директоры

А. Қабдулова

2021 жыл

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепке дейінгі ұйымдары педагогтері, тәрбиеленушілері мен ата-аналарына арналған «Оқуға құштар балабақша» атты челлендж ұйымдастыру Ережесі

1. Жалпы ережелер

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепке дейінгі ұйымдары педагогтері, тәрбиеленушілері мен ата-аналарға арналған «Оқуға құштар балабақша» атты челлендж ұйымдастырады.

2. Челлендж мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың бойында ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту, педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру.

3. Челленджді рәсімдеу талаптары мен шарттары:

- әртүрлі жанрда әдеби шығармашылық өлеңдер (ҚР ақындарының жеке шығармаларынан үзінділер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, ертегілер, әңгімелер, поэмалар т.с.с.);
- челлендж кезінде музыкалық сүйемелдеу, декорация, иллюстрацияларды, фотосуреттерді, кітап мұқабаларын қолдануға болады;
- челленджге қатысушылар әдеби көрме, бұрыш, тәрбиеленушілерге арналған картотека, ата-аналарға әдеби шығармалар тізбесі т.б. жұмыс түрлерін ұсына отырып қорытындылауы тиіс.

Челленджге меншік нысанына, тәрбие мен оқыту тіліне қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар қатыса алады.

Бейнежазба форматы мен пішімі:

- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі-300 Mb артық емес;
- бейнежазбаның ұзақтығы – 3 минуттан аспайды.

4. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

4.1 Іріктелген челлендж бейнематериалын облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының электронды почтасына tal.metod@mail.ru көрсетілген мерзімге сәйкес жіберіледі.

4.2 Челленджді жолдау мерзімі: *а.ж.* **20-24 қазан** аралығы.

4.3 Челлендж бейнежазбасы оқу-әдістемелік орталығының Facebook әлеуметтік желісі (<https://www.facebook.com/100034054873372/posts/373724387106054/>), YouTube каналы (https://www.youtube.com/channel/UC-EbFWv-MqReZ5WSh4e8exg?view_as=subscriber), [учебно_методически_sentr](#) инстаграмм парақшасында жарияланады.